

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК 2023-2024 оқу жылындағы ішкі талдау анықтамасы

Жетісай қаласы

05.07.2024 жыл

Жұмыс тобының құрамы:

1. Жетісай жоғары медицина колледжі, Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Сраилов Жубан Сраилович
2. Жетісай жоғары медицина колледжі, кадр бөлімінің меңгерушісі: Бекназаров Айдар Кудайкулович
3. Жетісай жоғары медицина колледжі, бас есепшісі: Алтореев Нурлан Жиенбекович
4. Жетісай жоғары медицина колледжі, Кәсіподақ ұйымының төрайымы, психолог маманы: Амирова Мадина Ермековна
5. Жетісай жоғары медицина колледжі, заңгер кеңесшісі, комплаенс-офицер: Балтабаев Мұхаметжан Сейтханұлы.

Өткізу мерзімі: 2023 жылдың 1 шілдесі 2024 жылдың 1 шілдесі аралығында.

«Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК- ында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылдың 17 мамыр мен 28 маусым аралығына жүргізілді.

1. Нормативтік құқықтық база

Жетісай жоғары медицина колледжі ШЖҚ МКК өз қызметінде келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына,
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына

өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 21 шілде №354;

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестатаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

2. Есептік кезең

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 2023 жыл және 2024 жылдың өткен мерзімі кезіңінде өткізіледі.

Жетісай жоғары медицина колледжі ШЖҚ МКК 2024 жылдың 02 мамырдағы №30 н/қ бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, 2023 жылдың шілде айы мен 2024 жылдың шілде айының аралығын қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2023-2024 жылдың 28 маусымы аралығында жүргізілді.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:

2023-2024 оқу жылының I семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітілді. Жаңа оқу жылында 303 білім алушы қабылданып, 15 оқу тобы жинақталғанын және оқу үрдісі екі ауысымда жүргізілді.

Сабақтар екі ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қоңырау қаралап колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 10 минуттық үзіліспен ұзақтығы 90 минуттық академиялық сағат белгеленген. 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтарында сағат кестесі бойынша барлығы 28488 сағат, оның ішінде 7558 сағат теориялық оқытуға, 15244 колледж қабырғасындағы практикалық сабақтарға, оқу өндірістік және диплом алдындағы практикаларға 5616 сағат өткізілді, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтары жоқ.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды.

1 курс:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері-24 сағат

3 курс:

- Кәсіби бағдар беру-36сағат

Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Штаттық кестеге сәйкес педагог мамандардың саны - 69. Орташа педагогикалық жүктемелері - 444,0 сағат.

Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді. Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр дейгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

- жаңа шеімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (критикті құзыреттілік) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік дейгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылы «PORTAL KZ» электрон журналға көшті.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған. Қорытынды аттестаттау модулдер бойынша кешенді емтихан және деманстрациялық емтихан түрінде, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімене ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттесттатауды өткізудің үлгі қағидаларын» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрына 2 қосымша негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модулдер бойынша жүргізілген.

Аралық және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітілген. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Емтихан кезінде білімалушылардың білімін бағалау дәстүрлі және балдық жүйе асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Колледж білім алушыларға қорытынды аттестатауды өткізу үшін колледж диреторының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттесттатау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% - дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40 % - дан артық емес арақатынаста құрылған.

3. Кадрлық қызмет бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

«Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК –ның 2024 жылы 124 қызметкер жасайды. Оның ішінде 69 педагог, 55 тұрмыстық және әкімшілік персонал. Жетісай жоғары медицина колледжі : Жоғары білімді жас мамандарды жұмысқа қабылдайды : Клиникалық пәндер оқытушысы : педиатр, гинеколог, терапевт, академия бакалавр қажет.

Біліктілік талаптары бойынша :

Педагог кадрлардың сапалық құрамы :

2023-2024 оқу жылы бойынша 37 педагогтардың біліктілік санатары :

Педагог зерттеуші-9

Педагог сарапшы-10

Педагог модератор-18

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Жетісай аудандық «Мансап» халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асарылады.

2023 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны-13 болса, оның ішінде-4 оқытушы, зертханашы-3, заңгер кеңесші-1, кітапханашы-2, жатақхана тәрбиешісі-1, басқа қызмет-2.

Жұмыстан босатылғандар саны 12 адам, оның ішінде: оқу ісі жөніндегі директор орынбасары-1, бас есепші-1, зертханашы-2, оқытушы-2, жатақхана тәрбиешісі-1, іс жүргізуші-1, электромонтер-1, кадр бөлімінің меңгерушісі-1, бағдарламашы-1, аула сыпырушы-1. өз өтініштері бойынша жұмыстан босатылған. Босатылған бос орындар жайлы еңбек порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

2024 жылдың 6 айында жұмыстан босатылғандар саны -5, оның ішінде: зейнет жасына жеткен-1, бала күтіміне байланысты-4.

Жұмысқа қабылданғандар-6, оның ішінде оқытушы-1, зертханашы-2, вахтерша-2, бағдарламашы-1.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау еңбек kz порталы арқылы жүзеге асады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Орта буынды медицина қызметкерлерін іріктеу және жұмысқа қабылдау ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарымен автоматтандырылған «Jumys SmartNation» порталы арқылы жүзеге асырылады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелерін тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

4. Қаржы-шаруашылық бөлімдері бойынша сыбайлас тәуекелдерін жою:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалды.

-2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 253043015 бюджеттік бағдарламасы бойынша 575019,0 мың теңге жоспарланып, 01.07.2024 жыл жағдайына 302342,0 мың теңге қаржыландырылып, 87,9 % қаржы игерілді.

Инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2023 жылдың 26 қыркүйектегі № 48 н/к бұйрығы негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізілген.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілді.

Студентерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету конкурсы кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

Студентерді ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жоспарланған қаражат Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы тарапынан әр студенттің банктік есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Шәкіртақы төлеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Студентерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы»-36135 теңге, «жақсы»-31422 теңге төленеді. Жетімдерге-40848 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрыққа және сабаққа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

5.Әлеметтік-тәрбие қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

-Қазастан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V заңына сәйкес Жетісай жоғары медицина колледжі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шашалары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді. Колледж 1 қабатында сенім жәшігі қойылған. Колледж кіре берісінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі бойынша департаменті 1424 ССAL-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген.

Студентердің, оқытушылардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері:

-Білім алушылардың «Таза сессия», «Білім алушының көзқарасы», оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моральдік-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық дәлелдері мен дәйектері кездеспеді.

Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі:

-Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі бекітілген, сондай-ақ, кәсіподақ жұмыс жасайды.

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Қорытынды бөлімі:

1. Зейнеткерлікке шыққан жұмыскермен еңбек шартын бұзу барысында заңнама талаптары сақталмаған. Бұл өз кезегінде, тиісті төленетін төлемақының төленбеу тәуекелін тудыруы мүмкін.
2. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмаған

Жұмыс тобының мүшелері:

Жетісай жоғары медицина колледжі, Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары:
Сраилов Жубан Сраилович _____

Жетісай жоғары медицина колледжі, кадр бөлімінің меңгерушісі: Бекназаров
Айдар Кудайкулович _____

Жетісай жоғары медицина колледжі, бас есепшісі:

Алтореев Нурлан Жиенбекович _____

Жетісай жоғары медицина колледжі, заңгер кеңесшісі, комплаенс-офицер:
Балтабаев Мұхаметжан Сейтханұлы _____

**Жетісай жоғары медицина
колледжінің директоры**



М.Токбергенов